

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

30.04.2016 № 123

Степняк қаласы

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу туралы**

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, оның ішінде Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы талаптарын орындау, сондай-ақ ұйым қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және алдын алу мақсатында,
БҰЙЫРАМЫН:

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Степняк қаласының № 1 жалпы орта білім беретін мектебі» және «Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Степняк қаласының Абай атындағы № 2 жалпы орта білім беретін мектебі» 2026 жылдың 4 мамыры мен 16 маусым аралығында қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілсін.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жұмыс тобы құрылсын, құрамында:

Төраға: білім бөлімінің басшысы Абдикенов Р.К.

Мүшелері: білім бөлімінің бас маманы Сеитова З.Қ.

білім бөлімінің бас маманы Қрықбесова А.С.

3. Жұмыс тобы:

- ұйым қызметінің бағыттары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтасын және бағаласын;
- тәуекелдерге неғұрлым бейім бизнес-процестер мен лауазымдарды айқындасын;
- анықталған тәуекелдерді жою және азайту жөнінде ұсыныстар әзірлесін;
- талдау нәтижелері бойынша қорытынды есеп дайындасын.

4. Қорытынды есепті ұсыну мерзімі 2026 жылдың 18 маусымына дейін белгіленсін.

5. Мектеп басшылары: жұмыс тобына қажетті ақпаратты уақтылы ұсынсын; талдау жүргізуге жан-жақты көмек көрсетсін.

